JOURNAL OF THE NATIONAL CONGRESS OF HISTORIANS
ISSN: 3105-0042. eISSN: 3105-0050

NATIONAL HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Ғылыми мақала / Research Article
МРНТИ / IRSTI 11.15.89

https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.122.136

Empty Space on the Map: Rethinking Communication Networks of the Golden Horde Era in History Textbooks

Zh. Smakhanova
Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan
z.deil@mail.ru

Abstract. This article reconsiders the place of Northern Kazakhstan within the political, trade-economic, and cultural communication networks of the Jochi Ulus from the perspectives of historical geography, source studies, and textbook research. The main objective of the study is to identify the limitations of the traditional interpretation that represents the region on historical maps as peripheral, "empty," or exclusively nomadic space, to reveal its role within the interconnected communication system of the Golden Horde, and to propose a scholarly and methodological model for representing this issue in history textbooks. The study draws on written sources, archaeological and numismatic materials, historical-geographical data, toponymic evidence, cartographic materials, and research on the representation of Golden Horde history in textbooks. Historical-comparative, historical-geographical, interdisciplinary, and content-analysis methods were employed, together with the analytical potential of historical GIS. The study identifies three interconnected dimensions of communication in the Golden Horde period: political-administrative, trade and transport, and socio-cultural. The yam system is examined as a form of state infrastructure that facilitated the circulation of information and the movement of people across the vast territories under khanly authority. The article also outlines possible corridors linking Northern Kazakhstan, through the Ishim, Tobol, and Irtysh river valleys, with Central Kazakhstan, the Syr Darya region, the Ural–Volga area, and Western Siberia. Particular attention is paid to the role of water sources, seasonal pastures, security, political stability, and exchange centres in the formation of caravan routes. The article further analyses changes in the representation of the Golden Horde in Soviet and contemporary textbooks and argues for a shift from evaluative interpretations toward structural explanation. The study does not claim that the exact locations of all routes and yam stations in Northern Kazakhstan have been established. Instead, it proposes distinguishing between different degrees of source reliability as an important methodological principle. Accordingly, the map is treated not as an illustration of a fixed historical reality, but as a scholarly reconstruction produced through the comparison of different categories of evidence. The conclusion recommends constructing textbook maps according to a network-based principle, distinguishing verified, probable, and hypothetical sites, and displaying chronological layers, water sources, seasonal routes, and levels of evidentiary uncertainty. Such an approach allows Northern Kazakhstan to be understood more fully as an integral component of the interconnected historical space of the Jochid Ulus in Central Eurasia.
Keywords: Jochi Ulus; Golden Horde; Northern Kazakhstan; communication network; yam system; caravan routes

For citation: Smakhanova Zh. Empty Space on the Map: Rethinking Communication Networks of the Golden Horde Era in History Textbooks. *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.8, no.4, pp.122-136. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.122.136

© Zh. Smakhanova, 2026

Пустое пространство на карте: переосмысление коммуникационных сетей эпохи Золотой Орды в учебниках истории

Ж. Смаханова
Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье переосмысливается место Северного Казахстана в системе политических, торгово-экономических и культурных коммуникаций эпохи Улуса Джучи с позиций исторической географии, источниковедения и учебниковедения. Основная цель исследования заключается в выявлении ограниченности традиционного подхода, в рамках которого регион на исторических картах представляется как периферийное, "пустое" или исключительно кочевое пространство, а также в раскрытии его роли в системе связей Золотой Орды и разработке научно-методической модели отражения данной проблемы в учебниках истории. В исследовании использованы письменные источники, археологические и нумизматические материалы, историко-географические сведения, данные топонимики, картографические материалы, а также исследования, посвящённые репрезентации истории Золотой Орды в учебниках. Применялись историко-сравнительный, историко-географический, междисциплинарный методы и контент-анализ, а также возможности исторических GIS. В результате исследования были выделены три взаимосвязанных уровня коммуникационной системы эпохи Золотой Орды: политико-административные, торгово-транспортные и социокультурные связи. Ямская система рассматривается как государственная инфраструктура, обеспечивавшая обмен информацией и передвижение людей на обширной территории, находившейся под властью хана. Охарактеризованы вероятные коридоры передвижения, связывавшие Северный Казахстан через долины Ишима, Тобола и Иртыша с Центральным Казахстаном, районом Сырдарьи, Урало-Поволжьем и Западной Сибирью. Кроме того, показано значение водных источников, сезонных пастбищ, безопасности, политической стабильности и центров обмена в формировании караванных путей. В статье анализируются изменения в образе Золотой Орды в советских и современных учебниках, а также обосновывается необходимость перехода от оценочных характеристик к структурному объяснению. Исследование не утверждает, что точное местоположение всех маршрутов и ямских станций Северного Казахстана установлено; напротив, предлагается рассматривать дифференциацию степени достоверности источников как важный методологический принцип. В связи с этим карта трактуется не как иллюстрация готовой исторической реальности, а как научная реконструкция, создаваемая путём сопоставления различных видов источников. В заключении предлагается строить карты в учебниках истории по сетевому принципу, разграничивать достоверно установленные, вероятные и гипотетические объекты, а также отображать хронологические слои, водные источники, сезонные маршруты и степень источниковедческой неопределённости. Такой подход позволяет более полно рассматривать Северный Казахстан как составную часть взаимосвязанного исторического пространства Улуса Джучи в Центральной Евразии.

Ключевые слова: Улус Джучи; Золотая Орда; Северный Казахстан; коммуникационная сеть; ямская система; караванные пути

Картадағы бос кеңістік: Алтын Орда дәуіріндегі коммуникациялық желілерді тарих оқулықтарында қайта пайымдау

Ж. Смаханова
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Солтүстік Қазақстанның Жошы Ұлысы дәуіріндегі саяси, сауда-экономикалық және мәдени коммуникациялар жүйесіндегі орны тарихи география, деректану және оқулықтану тұрғысынан қайта қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – өңірді тарихи карталарда шеткері, "бос" немесе тек көшпелі кеңістік ретінде көрсетуге негізделген дәстүрлі түсіндірудің шектеулілігін анықтап, оның Алтын Орда кеңістігіндегі байланыстар жүйесіндегі қызметін ашу және бұл мәселені тарих оқулықтарында бейнелеудің ғылыми-әдістемелік моделін ұсыну. Зерттеуде жазба деректер, археологиялық және нумизматикалық материалдар, тарихи-географиялық мәліметтер, топонимика, картографиялық деректер және Алтын Орда тарихының оқулықтарда берілуіне арналған зерттеулер пайдаланылды. Тарихи-салыстырмалы, тарихи-географиялық, пәнаралық және контенттік талдау әдістері, сондай-ақ тарихи GIS мүмкіндіктері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Алтын Орда дәуіріндегі коммуникациялық жүйенің үш өзара байланысты деңгейі айқындалды: саяси-әкімшілік, сауда-көлік және әлеуметтік-мәдени байланыстар. Ям жүйесі хан билігінің кең аумақтағы ақпарат алмасуын және адамдар қозғалысын қамтамасыз еткен мемлекеттік инфрақұрылым ретінде қарастырылды. Солтүстік Қазақстанның Есіл, Тобыл және Ертіс аңғарлары арқылы Орталық Қазақстан, Сырдария бойы, Орал-Еділ өңірі және Батыс Сібір бағыттарымен байланысқан ықтимал қозғалыс дәліздері сипатталды. Сонымен қатар керуен жолдарының қалыптасуында су көздері, маусымдық жайылымдар, қауіпсіздік, саяси тұрақтылық және айырбас орталықтарының маңызы көрсетілді. Мақалада кеңестік және қазіргі оқулықтардағы Алтын Орда бейнесінің өзгеруі, бағалауыш ұғымдардан құрылымдық түсіндіруге көшу қажеттілігі талданады. Зерттеу Солтүстік Қазақстандағы барлық маршруттар мен ям бекеттерінің нақты орны анықталды деген тұжырым жасамайды; керісінше, деректердің сенімділік дәрежесін ажыратуды маңызды әдістемелік қағида ретінде ұсынады. Осыған байланысты карта дайын тарихи шындықтың иллюстрациясы емес, әртүрлі деректерді салыстыру арқылы жасалатын ғылыми реконструкция ретінде қарастырылады. Қорытындыда тарих оқулықтарындағы карталарды желілік қағида бойынша құру, нақты, ықтимал және болжамды нысандарды ажырату, уақыттық қабаттарды, су көздерін, маусымдық маршруттарды және деректік белгісіздік деңгейін көрсету ұсынылады. Мұндай тәсіл Солтүстік Қазақстанды Жошы Ұлысының Орталық Еуразиядағы өзара байланысқан тарихи кеңістігінің құрамдас бөлігі ретінде неғұрлым толық түсіндіруге мүмкіндік береді. Ұсынылған модель оқулық карталарын тек көрнекі материал ретінде емес, тарихи деректерді салыстыруға, кеңістіктік байланыстарды түсіндіруге және оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зерттеушілік құрал ретінде пайдаланудың маңызын негіздейді әрі өңір тарихын тұтас пайымдауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Жошы Ұлысы; Алтын Орда; Солтүстік Қазақстан; коммуникациялық желі; ям жүйесі; керуен жолдары

Сілтеме жасау үшін: Смаханова Ж. Картадағы бос кеңістік: Алтын Орда дәуіріндегі коммуникациялық желілерді тарих оқулықтарында қайта пайымдау. *Journal of the National Congress of Historians*. 2026. Vol.8, no.4, pp.122-136. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.122-136

Кіріспе

Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңін оқытуда өңірлердің аттары атала отырып, сол кеңістіктің де тарихы қарастырылады. Соның ішінде бүгін бір ғана мысал ретінде бүгінгі Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихы мысалын зерделесек. Бұл өңірдің ортағасырлық тарихын баяндауда жиі кездесетін мәселелердің бірі – кең далалық аумақты саяси орталықтардан тыс, қалалық өркениет пен тұрақты байланыстардан оқшау аймақ ретінде қарастыру. Ал мұндай тәсіл көшпелі қоғамның кеңістікті пайдалану логикасын, маусымдық қозғалыстарды, өзен аңғарлары мен өткелдердің маңызын, керуен жолдарының қалалармен байланысын және далалық коммуникацияның материалдық инфрақұрылымын толық ашпайды. Бұл мәселе тек картографиялық олқылықпен шектелмейді, ол тарихи түсіндіру моделіне де тікелей қатысты болып келеді. Егер картада (тарих сабағында оқулықпен қатар оқушы қолданатын тиісті сынып картасы) жолдар, өткелдер, қоныстар, құдықтар, жайлау мен қыстау арасындағы қозғалыс бағыттары және ақпарат жеткізу арналары көрсетілмесе, оқушы Алтын Орданы өзара байланысқан тарихи кеңістік емес, жекелеген қалалар мен әскери жорықтардың жиынтығы ретінде ғана қабылдайды. Ал кейінгі зерттеулер Алтын Орда аумағындағы сауда-көлік жүйелерін GIS технологиялары, логистикалық модельдеу және археологиялық-этнографиялық деректерді біріктіру арқылы қайта құруға мүмкіндік беретінін көрсетеді (Мерич 2023).

Солтүстік Қазақстан тарихын зерттеудің маңыздылығы Жошы Ұлысының тарихи мұрасын жан-жақты әрі объективті зерделеуге бағытталған қазіргі ғылыми күн тәртібімен де сабақтас. Бұл міндет Алтын Орда тарихын тек саяси әулеттер мен әскери оқиғалар арқылы емес, өңірлердің өзара байланысы, халықтардың қозғалысы, қала мен даланың ықпалдастығы, сауда, басқару және ақпарат алмасу жүйелері арқылы қарастыруды талап етеді.

Мақаланың мақсаты – Солтүстік Қазақстанның Алтын Орда дәуіріндегі коммуникациялық желілердегі орнын айқындау және оны тарих оқулықтарында көрсетуге арналған ғылыми-әдістемелік модель ұсыну.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: Алтын Ордадағы ямдық-пошталық жүйенің саяси коммуникациядағы қызметін анықтау; Солтүстік Қазақстанды оңтүстік, батыс және солтүстік-шығыс бағыттармен жалғастырған керуен және көші-қон дәліздерін тарихи география тұрғысынан сипаттау; археология, нумизматика, жазба деректер, картография және GIS материалдарын оқулық мазмұнына енгізудің мүмкіндіктерін көрсету; Алтын Орда тақырыбындағы оқулықтық нарративтің идеологиялық және терминологиялық өзгерістерін талдау; Солтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын оқыту мен одан әрі зерттеудің басым бағыттарын белгілеу.

Бұл зерттеуде "коммуникациялық желі" ұғымы сауда жолдарының немесе пошта бекеттерінің қарапайым жиынтығы ретінде емес, саяси-әкімшілік, сауда-көлік және әлеуметтік-мәдени байланыстарды біріктірген күрделі кеңістіктік жүйе ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда дала "бос" жатқан кеңістік емес, өзіндік қозғалыс бағыттары, маусымдық ырғақтары, ақпарат алмасу орталықтары және экономикалық тораптары болған тарихи орта ретінде түсіндіріледі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің деректік негізін Алтын Орда дәуіріндегі саяси, әкімшілік, сауда және кеңістіктік коммуникацияларды сипаттайтын бірнеше топтағы материалдар құрайды. Олардың қатарына жазба деректер, тарихи-географиялық мәліметтер, археологиялық материалдар, нумизматикалық деректер, топонимикалық мәліметтер, картографиялық материалдар және Алтын Орда тарихының тарих оқулықтарында берілуіне арналған зерттеулер жатады.

Жазба деректер коммуникациялық бағыттарды қалалар, өзендер, қоныстар, жол ұзақтығы және сапар мерзімі арқылы қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Мұндай деректердің ішінде әл-Омари сияқты ортағасырлық авторлардың мәліметтері, саяхатшылардың жазбалары, хан жарлықтары, пайзалар және әкімшілік тәжірибелерге қатысты деректер маңызды орын алады. Жарлықтар мен пайзалар ямдық жүйенің саяси-әкімшілік қызметін түсіндіруге, ал географиялық сипаттағы жазба мәліметтер қалалар мен далалық кеңістіктер арасындағы қозғалыс бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Археологиялық материалдар қоныстарды, тұрақтарды, жерлеу орындарын, көне өткелдерді, керамика мен металл бұйымдары табылған орындарды кеңістіктік тұрғыдан қарастыру үшін пайдаланылды. Нумизматикалық деректер де монеталардың таралу аймағы арқылы экономикалық қатынастардың географиясын және жекелеген бағыттардың белгілі бір кезеңдегі белсенділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде тарихи-географиялық және салыстырмалы әдістер қолданылды. Тарихи-географиялық әдіс Солтүстік Қазақстандағы өзен аңғарларын, табиғи өткелдерді, су көздерін, маусымдық жайылымдарды және оларды ірі экономикалық әрі саяси орталықтармен жалғастыратын ықтимал бағыттарды бір жүйеде қарастыруға мүмкіндік береді. Салыстырмалы әдіс Солтүстік Қазақстандағы коммуникациялық инфрақұрылым мәселесін Алтын Орданың Батыс Қазақстан, Еділ бойы, Қаратеңіз және басқа өңірлеріндегі жақсырақ зерттелген жол жүйелерімен салыстыра түсіндіру үшін қолданылды. Мұндай салыстырулар белгілі бір маршрутты Солтүстік Қазақстанға тікелей көшіру мақсатында емес, коммуникациялық жүйелерді зерттеудің ортақ механизмдерін анықтау үшін пайдаланылды. Сонымен қатар мақалада пәнаралық тәсіл басшылыққа алынды. Археологиялық, жазба, нумизматикалық және географиялық материалдар бір-бірінен оқшау қарастырылмай, өзара тексерілетін деректер кешені ретінде қолданылды. Бұл қағида әсіресе нақты орналасуы анықталмаған немесе жазба деректерде тек шамамен көрсетілген бағыттарды зерттеу кезінде маңызды.

Зерттеудің әдістемелік құралдарының бірі – тарихи GIS тәсілі. GIS археологиялық ескерткіштерді, өзендерді, су көздерін, қалалар мен қоныстарды, кездейсоқ табылған заттарды, монеталарды және жазба деректерде кездесетін қозғалыс бағыттарын бір кеңістіктік модельге біріктіруге мүмкіндік береді. Мұндай модель дайын және өзгермейтін бағыттарды белгілеуге емес, деректердің ықтимал сәйкестігі мен қозғалысқа қолайлы кеңістіктерді анықтауға бағытталған.

Мақаланың екінші зерттеу нысаны – тарих оқулықтарындағы Алтын Орда бейнесі. Осыған байланысты қолданыстағы оқулықтардағы мәтіндерді талдауда тарихи-салыстырмалы және контенттік талдау элементтері пайдаланылды. Ерекше назар қолданылатын терминологияға, Алтын Орданың саяси рөлін бағалауға, қала мен дала

арақатынасының берілуіне және картографиялық материалдарда коммуникациялық кеңістіктің бейнеленуіне аударылды.

Әдебиеттерге шолу

Алтын Орда дәуіріндегі коммуникациялық жүйелер соңғы жылдардағы зерттеулерде мемлекеттің саяси тұтастығын, сауда айналымын және аймақаралық қатынастарын түсіндіретін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылып келеді. Ямдық-пошталық жүйеге арналған зерттеулер оның бастауын Шыңғыс хан дәуіріндегі әскери-саяси қажеттіліктермен байланыстырып, Үгедей тұсында бұл жүйенің анағұрлым реттелген және тұрақты сипат алғанын көрсетеді. Ям тек хат немесе хабар жеткізетін пошта жүйесі болмаған. Оның қызметі мемлекеттік бұйрықтарды жеткізу, елшілер мен әскери адамдардың қозғалысын қамтамасыз ету, билік орталығы мен аймақтар арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру сияқты міндеттерді қамтыған (Аблязов 2023).

Ям жүйесінің кейінгі мемлекеттерге, соның ішінде Ресейдегі пошта инфрақұрылымына ықпалы туралы тарихнамада біркелкі пікір қалыптаспаған. Зерттеушілердің бір бөлігі татар-моңғолдық жүйенің тікелей ықпалын мойындаса, екінші топ мұндай сабақтастықты жоққа шығарады. Үшінші бағыт ықпалды маңызды, бірақ шешуші емес фактор ретінде бағалайды. Сонымен қатар терминология мен поштаға байланысты кейбір міндеткерліктердің қабылдануы зерттеулерде жиі аталады (Кошечкина 2020). Бұл пікірталас тарихи коммуникация мәселесін қарастырғанда біржақты тұжырымнан бас тартып, әрбір ықпалдың сипаты мен деңгейін жеке дәлелдеудің қажеттігін көрсетеді.

Алтын Орда кеңістігіндегі тарихи географияны қайта қарауға арналған зерттеулер де мақаланың тақырыбы үшін маңызды. Әл-Омари мәліметтерін қазіргі тарихи география, топонимика, археология және экономикалық география деректерімен салыстыру Алтын Ордадағы шегаралар, қалалар, көші-қон бағыттары мен керуен жолдарын жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді (Ильясова, Ногайбаева 2024).

Батыс Қазақстан мен Еділ-Жайық аралығындағы керуен жолдары жөніндегі еңбектерде Сарайшықтан Еділ бойындағы қалалар мен Үргенішке бағытталған жолдар, керуен-сарайлар және транзиттік нысандар археологиялық, этнографиялық, архивтік және экспедициялық материалдар арқылы жүйеленеді. Бұл зерттеулер жолды жекелеген қалаларды байланыстыратын сызық ретінде емес, су көздері, аялдау орындары, қоныстар, сауда пункттері және табиғи өткелдерден тұратын тұтас инфрақұрылым ретінде қарастырудың өнімділігін көрсетеді (Беляев 2026).

Коммуникация қауіпсіздігі мәселесі де арнайы зерттеулерде қарастырылған. Қаратеңіз өңіріндегі Шыңғыс әулеті мемлекеттерінде керуендерді қорғауға арналған зерттеулер сауда жолдарының табиғи географияға ғана емес, мемлекеттік бақылауға, құқықтық тәртіпке және әскери қорғауға да тәуелді болғанын көрсетеді. Керуен басшысын тағайындау жөніндегі жарлық үлгісін талдау оның кей жағдайда тек сауда жетекшісі емес, қарулы күзетті басқарушы қызметін де атқарғанын аңғартады (Абзалов 2022).

Қырым мен Жошы Ұлысының халықаралық сауда байланыстарына арналған зерттеулер түбектің Византия, славян жерлері, итальяндық колониялар және шығыс нарықтары арасындағы байланыстырушы рөлін көрсетеді. Бұл еңбектер коммуникация

арқылы тек тауарлардың емес, адамдардың, технологиялардың, діни идеялардың, тілдік тәжірибелер мен мәдени үлгілердің де таралғанын аңғартады.

Мақала тақырыбының екінші тарихнамалық бағыты бойынша Алтын Орданың оқулықтарда берілуі ұзақ уақыт бойы жаулап алу, қирату, тәуелділік және қарсылық ұғымдары аясында сипатталып келді. Соның салдарынан Орда көбіне сырттан келген саяси күш, ал жергілікті қоғамдар оның ықпалын қабылдаушы пассивті объект ретінде көрсетілді. Соңғы зерттеулерде Русь пен Орда арасындағы қатынастардың көпқырлы сипаты, жергілікті басқару автономиясы, хан жарлығының саяси қызметі, әкімшілік және фискалдық тәжірибелер секілді мәселелер кеңінен қарастырылуда. Оқулықтардағы терминологиялық өзгерістерге арналған зерттеу бұрын кең қолданылған "иго" ұғымының біртіндеп "Орда билігі", "тәуелділік жүйесі" тәрізді бейтараптау категориялармен алмастырыла бастағанын көрсетеді (Скрипкин 2026).

Қазақстандық тарихнамада бұл мәселе кеңестік кезеңнің ғылыми-саяси жағдайымен тығыз байланысты. "Қазақ КСР тарихы" еңбегінің 1943 жылдан кейінгі басылымдарын салыстыру Жошы Ұлысының тарихи рөлін бағалау редакциялық пікірталастарға, идеологиялық талаптарға және Алтын Ордаға қатысты саяси ұстанымдардың өзгеруіне тәуелді болғанын көрсетеді. Кейінгі басылымдарда мазмұн кеңейтілгенімен, белгілі кезеңдерде Алтын Орда тарихы "жойқын апат" түсінігі арқылы сипатталды.

Шетелдік және отандық академиялық зерттеулердегі көзқарастар біртіндеп күрделенгенімен, ғылыми жаңалықтардың мектеп және жоғары оқу орны оқулықтарына енуі баяу жүруі мүмкін. Осыдан ғылыми зерттеу мен оқулық нарративі арасындағы әдістемелік және уақыттық алшақтықты қысқарту қажеттілігі туындайды (Ильясова, Ногайбаева 2024).

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында Алтын Орда кеңістігіндегі коммуникациялық жүйені кем дегенде үш өзара байланысты деңгейде қарастыру қажет екені анықталды. Біріншісі – саяси-әкімшілік коммуникация. Хан жарлықтары, пайзалар, елшілік сапарлар, салық жинау және әскери бұйрықтар орталық пен жергілікті әкімшілік арасындағы тұрақты ақпарат алмасуды қажет етті. Кең аумақты мемлекет үшін ақпараттың қозғалысы биліктің нақты жүзеге асуының негізгі шарттарының бірі болды. Екіншісі – сауда-көлік коммуникациясы. Керуен жолдарымен тауарлармен қатар адамдар, ақша, ақпарат және технологиялық тәжірибе қозғалды. Сондықтан сауда жолдары экономикалық қана емес, саяси және әлеуметтік маңызы бар арналар болды. Үшіншісі – әлеуметтік-мәдени коммуникация. Көшпелі және отырықшы қауымдар, қала мен дала, әртүрлі тілдік және діни топтар арасындағы байланыстар да осы қозғалыс арналары арқылы жүзеге асты. Осы тұрғыдан Алтын Орда мемлекетінің қуатын тек әскери мүмкіндігімен емес, кең аумақты байланыстыру және оны басқару қабілетімен де бағалау қажет.

Ям жүйесі Алтын Орда кеңістігіндегі ақпарат пен қозғалысты ұйымдастырудың негізгі механизмдерінің бірі болды. Оның қызметіне даруғалар, басқақтар, түмен, мыңдық және жүздік деңгейдегі басшылар, сондай-ақ бекет басшылары қатысқан. Пошта-жол қызметін жүзеге асырған адамдар ямшылар деп аталды. Ямды қазіргі мағынадағы қарапайым пошта қызметімен теңестіруге болмайды. Ол хан ордасынан шыққан

жарлықтардың аймақтарға жеткізілуін, елшілер мен әскери адамдардың қозғалысын және орталық билік нұсқауларының жергілікті әкімшілікке жетуін қамтамасыз еткен мемлекеттік инфрақұрылым болды. Бекеттер тұрақты аялдау және көлік ауыстыру орындары қызметін атқарды. Олардың жұмыс істеуі жергілікті халықтың ат, көлік, азық-түлік және қонуға орын беру міндеттерімен де байланысты болды. Бұл жағдай Солтүстік Қазақстанға қатысты екі маңызды қорытынды жасауға негіз береді. Біріншіден, солтүстік дала орталық мемлекеттік коммуникациялардан тыс қалған шет аймақ ретінде қарастырылмауы тиіс. Екіншіден, ям инфрақұрылымын зерттегенде тек нақты бекеттердің археологиялық іздерін іздеу жеткіліксіз. Өзен аңғарлары, су көздері, өткелдер, қыстаулар, қоныстар және тұрақты қозғалысқа қолайлы табиғи дәліздер де ықтимал коммуникациялық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы қажет.

Зерттеу нәтижелері Солтүстік Қазақстанның тарихи маңызын оның жеке орналасуынан гөрі көршілес аймақтармен байланысы арқылы түсіндіру тиімді екенін көрсетеді. Оңтүстіктен Бетпақдала арқылы Орталық Қазақстанға, одан әрі Нұра, Есіл, Тобыл және Ертіс аңғарларына бағытталған дәліздер ерекше маңызға ие. Мұндай бағыттар Сырдария бойындағы қалалық-егіншілік орталықтарды солтүстік дала және Батыс Сібір кеңістігімен байланыстыруы мүмкін. Бұл жолдардың бір бөлігін тек кейінгі тарихи кезеңдердің бағыттары деп қарастыру жеткіліксіз. Олардың табиғи негіздері саналатын өзендер, су көздері, жайылымдар және өткелдер ортағасырлық керуен қозғалысы мен көшпелі қауымдардың маусымдық бағыттарына да сәйкес келген болуы мүмкін.

Осы негізде Солтүстік Қазақстанды үш ірі кеңістікті байланыстыратын аралық белдеу ретінде қарастыруға болады: оңтүстік белдеу – Сырдария бойы, Түркістан, Отырар, Сығанақ және Орталық Қазақстан; солтүстік-шығыс белдеу – Есіл, Тобыл, Ертіс аңғарлары және Батыс Сібірдің ортағасырлық орталықтары; батыс белдеу – Орал-Еділ аралығы, Сарайшық, Сарай-Бату, Сарай-Берке және Еділ бойындағы қалалар. Бұл бағыттар тұрақты болмаған. Олар саяси жағдайға, су көздерінің қолжетімділігіне, жайылымдық циклге, қауіпсіздікке және нарық сұранысына қарай өзгеріп отырған. Сондықтан оқулық картасында "Ұлы Жібек жолын" бір ғана өзгермейтін сызықпен көрсету орнына, өзара тармақталған және уақыт бойынша өзгеретін бағыттар жүйесін бейнелеу ғылыми тұрғыдан да, баяндау тұрғысынан да дұрыс болады.

Керуен желісінің өміршеңдігі қауіпсіздікке тікелей тәуелді болды. Жолдардың пайда болуы табиғи географиямен ғана анықталмады. Оларды саяси билік қорғады, реттеді және белгілі дәрежеде салықтық бақылауда ұстады. Бұл мәселе тарих оқулығында сауда жолдарын түсіндіру тәсілін де өзгертеді. Сауда жолының қалыптасуы үшін тауар және сұраныспен қатар құқықтық тәртіп, қауіпсіздік және саяси тұрақтылық қажет болған. Осы арқылы керуен жолын мемлекеттің экономикалық әрі саяси басқару кеңістігі ретінде көрсетуге болады.

Сонымен бірге "далада қала болған жоқ, сондықтан инфрақұрылым да болмады" деген қарапайым түсінік қайта қарастыруды қажет етеді. Тұрақтар, құдықтар, маусымдық қоныстар, айырбас орындары және өткелдер қалалық емес, бірақ коммуникациялық тұрғыдан маңызды әлеуметтік инфрақұрылым қызметін атқара алған.

Коммуникациялық желілер арқылы тауарлар ғана емес, мәдени ақпарат та таралды. Солтүстік Қазақстан жағдайында бұл үдеріс ірі қалалық орталықтардағыдай көрінбеуі мүмкін. Мұнда өзен аңғарлары, маусымдық жайылымдар, металл өңдеу, мал

шаруашылығы, қолөнер бұйымдары, діни білім және тілдік қатынастар қозғалыс пен алмасудың негізгі арналары болды.

Сондықтан мәдени коммуникацияны тек мешіттер мен қалалардың тарихына сүйеніп көрсету жеткіліксіз. Оның іздерін материалдық мәдениеттен, жерлеу ескерткіштерінен, нумизматикалық материалдардан, керамикадан және топонимикадан да іздеу қажет (Воротынцев 2019).

Солтүстік Қазақстанның Алтын Орда дәуіріндегі тарихи картасын жасау үшін бір ғана дерек түріне сүйену жеткіліксіз. Жазба деректер бағыттарды көбіне күндік немесе айлық жол өлшемдері, қалалар және өзендер арқылы сипаттайды. Археология нақты қоныстар мен заттай кешендерді көрсетеді. Нумизматика экономикалық қатынастарды мерзімдеуге мүмкіндік береді. GIS осы мәліметтердің барлығын бір кеңістіктік модельге біріктіреді.

GIS негізіндегі картографиялық модельге археологиялық барлау және қазба орындары, жерлеу ескерткіштері, керамика, тұмарлар, монеталар, әшекейлер, жазба деректердегі қалалар, қоныстар, тұрақтар, өзендер, құдықтар және көш жолдары енгізілуі мүмкін. Мұндай мәліметтерді қабаттастыру көшпелі қауымдардың немесе сауда топтарының ықтимал қозғалыс бағыттарын модельдеуге мүмкіндік береді.

Оқулық картасын әзірлеуде мынадай қағидалар басшылыққа алынуы тиіс деп санаймыз. Біріншіден, нақты және болжамды нысандар ажыратылуы керек. Археологиялық тұрғыдан дәлелденген қоныс пен болжамды бағыт картада бірдей шартты белгімен көрсетілмеуге тиіс. Екіншіден, маусымдық қозғалыс ескерілуі қажет. Жайлау, күзеу, қыстау және көктеу арасындағы бағыттар керуен жолдарымен ішінара сәйкес келуі мүмкін, бірақ бұл екі құбылысты теңестіруге болмайды. Үшіншіден, су көздері картада жеке фактор ретінде берілуі керек. Солтүстік Қазақстан жағдайында өзендер, көлдер, бұлақтар мен құдықтар қозғалыс бағыттарының өміршеңдігін анықтайтын негізгі табиғи элементтер болды. Төртіншіден, уақыттық қабаттарды ажырату қажет. XIII ғасырдың ортасындағы жағдай, XIV ғасырдағы саяси-экономикалық өрлеу және XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдағы тұрақсыздық кезеңі бір ғана өзгермейтін карта арқылы көрсетілмеуі тиіс. Бесіншіден, белгісіздік деңгейі картада ашық көрсетілуі керек. "Расталған", "ықтимал" және "болжамды" деген шартты белгілер енгізу оқушының тарихи білімнің дайын әрі өзгермейтін жүйе емес, деректерді талдау нәтижесінде жасалатын реконструкция екенін түсінуіне мүмкіндік береді. Алтыншыдан, карта мен мәтін өзара байланыстырылуы қажет. Әр маршруттың деректік негізі, қызметі және мерзімі қысқаша көрсетілген жағдайда ғана карта тарихи түсіндіру құралына айналады.

Зерттеу нәтижелері Солтүстік Қазақстанның Алтын Орда дәуіріндегі тарихын оқулықта бес мазмұндық бөлімдер арқылы ұйымдастыруға болатынын көрсетті. Олар:

1. Кеңістік және табиғи орта. Солтүстік Қазақстанның Есіл, Тобыл және Ертіс алаптарындағы орналасуы, дала және орманды дала белдеулерінің ерекшелігі, су көздері мен маусымдық жайылымдардың адамдар қозғалысына әсері түсіндіріледі. География қосымша анықтамалық мәлімет ретінде емес, тарихи үдерістерді қалыптастырған фактор ретінде берілуі тиіс.

2. Қозғалыс және бағыт. Оңтүстіктегі қалалардан солтүстік бағытқа созылған жолдар, өзен аңғарлары, өткелдер, қоныстар және айырбас орындары өзара байланыста көрсетіледі. Бұл жерде "бір жол – бір бағыт" қағидасынан бас тартып, тармақталған бағыттар жүйесін көрсету маңызды.

3. Ям және билік. Ям бекеттері, хан жарлықтары, пайзалар, елшіліктер және салықтық міндеттер арқылы ақпараттың қалай таралғаны көрсетіледі. Осы арқылы оқушы мемлекеттің кең аумақты басқаруында коммуникацияның шешуші қызмет атқарғанын түсінеді.

4. Сауда және мәдени алмасу. Солтүстік Қазақстанға келген және бұл өңірден шығарылған тауарлар, металл мен керамика бұйымдары, мал шаруашылығы өнімдері, діни және тілдік байланыстар, қала мен дала арасындағы өзара тәуелділік қарастырылады. Бұл жерде өркениетті тек қалалық өмірмен байланыстыратын көзқарастан бас тарту қажет.

5. Дерек және белгісіздік. Оқулықта маршруттардың қандай деректер негізінде анықталғаны, қай нысандардың археологиялық тұрғыдан расталғаны және қай тұстардың гипотеза деңгейінде екені көрсетілуі тиіс. Бұл оқушыны дайын ақпаратты есте сақтауға ғана емес, тарихи білімнің қалай жасалатынын түсінуге бағыттайды.

Сонымен Солтүстік Қазақстанның Жошы Ұлысы дәуіріндегі тарихи-мәдени мұрасын тереңірек зерттеу үшін бірнеше бағыт басымдыққа ие. Бірінші бағыт – бағыттар бойынша археология. Өзен аңғарлары, көне өткелдер, құдықтар, төбелер, тұрақтар, қоныстар және ортағасырлық заттай кешендер жеке объектілер ретінде емес, белгілі бір қозғалыс дәлізінің өзара байланысқан элементтері ретінде қарастырылуы тиіс. Екінші бағыт – тарихи GIS және цифрлық гуманитаристика. Әр нысанға оның мерзімі, функциясы, дерек түрі және сенімділік деңгейі тіркелген ашық кеңістіктік деректер базасын қалыптастыру қажет. Үшінші бағыт – нумизматикалық және археометриялық зерттеу. Монеталардың таралуы, металдардың құрамы, керамиканың шығу орталығы және шикізат айналымы экономикалық байланыстарды нақтылауға көмектеседі. Төртінші бағыт – жазба деректерді салыстырмалы зерттеу. Әл-Омари мәліметтері, саяхатшылар жазбалары, шығыс және батыс деректері, жергілікті топонимика және археологиялық материалдар өзара тексерілетін кешен ретінде пайдаланылуы тиіс. Бесінші бағыт – қозғалыстың әлеуметтік тарихы. Хандар мен әмірлермен қатар көпестер, елшілер, ямшылар, қолөнершілер, діни тұлғалар, малшылар және жергілікті қауымдар коммуникациялық жүйенің дербес субъектілері ретінде қарастырылуы қажет. Алтыншы бағыт – оқулықтану және қоғамдық тарих. Жаңа ғылыми нәтижелерді академиялық мақалалармен шектемей, оқулық, тарихи атлас, музей экспозициясы, деректі фильм және цифрлық карта форматына бейімдеу маңызды.

Нәтижелерді талқылау

Алынған нәтижелер Солтүстік Қазақстанның Алтын Орда тарихындағы орнын анықтауда қалыптасқан "орталық – периферия" моделінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Өңірде Сарай-Бату немесе Сарай-Берке тәрізді астана-қалалардың болмауы оның саяси және экономикалық жүйеден тыс болғанын білдірмейді. Көшпелі және жартылай көшпелі қоғам жағдайында аймақтың тарихи қызметі тұрақты қалалық орталықтардың санымен ғана емес, адамдар, мал, тауар және ақпарат қозғалысын қамтамасыз еткен кеңістіктік байланыстарымен де анықталды. Осы тұрғыдан алғанда Солтүстік Қазақстанды "бос кеңістік" ретінде көрсету негізінен отырықшы-қалалық қоғамдарға тән өлшемдерді көшпелі ортаға механикалық түрде қолданудан туындайды. Егер тарихи картада тек

қалалар мен саяси шегаралар көрсетілсе, өзен аңғарлары, маусымдық бағыттары, уақытша тұрақтар, су көздері және айырбас орындары көрінбей қалады. Нәтижесінде көшпелі қоғамның кеңістікті игеру механизмі де тарихи мәтіннен тыс қалады.

Ям жүйесін талдау бұл мәселені басқа қырынан ашуға мүмкіндік береді. Кең ауқымды мемлекетті басқару үшін орталық билік пен аймақтар арасында тұрақты байланыс қажет болды. Сондықтан Алтын Орданың саяси бірлігін тек әулеттік билік немесе әскери күшпен түсіндіру жеткіліксіз. Мемлекеттік тұтастықтың практикалық тетіктерінің бірі ақпарат пен адамдардың қозғалысын қамтамасыз еткен коммуникациялық инфрақұрылым болды. Бұл тұжырым Солтүстік Қазақстандағы нақты ям бекеттерінің барлығы анықталды дегенді білдірмейді. Керісінше, осы жерде деректік шектеуді ашық көрсету маңызды. Қолда бар материалдар белгілі бір маршруттар мен коммуникациялық дәліздердің ықтималдығын көрсетуі мүмкін, бірақ археологиялық тұрғыдан дәлелденбеген нүктелерді нақты тарихи объект ретінде беруге болмайды. Осы себепті зерттеуде "расталған", "ықтимал" және "болжамды" деңгейлерді ажырату қағидасы ұсынылады.

Коммуникациялық желінің маусымдық сипаты да маңызды. Қазіргі карта жасау дәстүрінде жол көбіне екі нүктені қосатын тұрақты сызық түрінде бейнеленеді. Алайда көшпелі ортада маршруттар жыл мезгіліне, жайылым жағдайына, суға, саяси ахуалға және қауіпсіздікке байланысты өзгеріп отырған. Сондықтан Алтын Орда дәуіріндегі далалық коммуникацияны теміржол немесе қазіргі автомобиль жолы тәрізді өзгермейтін инфрақұрылым ретінде түсіндіру анахронизмге әкеледі.

Зерттеуде Батыс Қазақстан, Еділ бойы және Қаратеңіз өңіріндегі жақсырақ зерттелген коммуникациялық жүйелермен салыстыру да осы мақсатта пайдаланылды. Бұл аймақтардағы керуен-сарайлар немесе маршруттарды Солтүстік Қазақстанға механикалық түрде көшіруге болмайды. Алайда олар тарихи жолдың қалыптасуында су, қауіпсіздік, саяси бақылау, сауда орталықтары және аялдау орындары тәрізді факторлардың өзара әрекеттескенін көрсететін әдістемелік модель береді. Мәдени алмасу мәселесі де қала мен дала арасындағы қатаң қарама-қарсылықты қайта қарауға мүмкіндік береді. Материалдық заттардың қозғалысы, монеталардың таралуы, керамика мен металл бұйымдарының ұқсастықтары, жерлеу дәстүрлері және топонимдер әртүрлі аймақтар арасындағы байланыстардың іздерін сақтайды. Сондықтан мәдени коммуникация тарихы тек қалалардың мәдениетімен шектелмеуі керек.

Алынған нәтижелер Алтын Орда тақырыбын оқулықта бағалау тәсілінің де өзгеруі қажет екенін көрсетеді. Кеңестік және одан кейінгі бірқатар оқулықтарда Орда тарихын "оң" немесе "теріс" құбылыс ретінде бағалауға ұмтылыс байқалады. Мұндай бинарлық модель тарихи үдерістің күрделілігін төмендетеді. Оқулықта жаулап алу мен зорлық фактілерін жоққа шығармай, сонымен қатар жаңа саяси кеңістіктің қалыптасуы, сауда жолдарының дамуы, әкімшілік және салық институттары, жергілікті элита мен хан билігінің қатынастары, этникалық және діни әртүрлілік, сондай-ақ коммуникация арқылы аймақтардың байланысуы қатар көрсетілуі тиіс.

Демек, мәселе Алтын Орданы бұрынғы жағымсыз сипаттамадан оң сипаттамаға ауыстыруда емес. Негізгі міндет – бағалауыш нарративтен құрылымдық түсіндіруге көшу. Осы тұрғыдан "Алтын Орда жақсы болды ма, әлде жаман болды ма?" деген сұрақтың орнына "осындай ауқымды кеңістік қандай механизмдер арқылы байланыстырылды

және басқарылды?" деген зерттеушілік сұрақ қою анағұрлым дұрыс. Бұл тәсіл тарихты оқыту әдістемесіне де әсер етеді. Карта дайын білімді иллюстрациялайтын қосымша құрал ғана емес, тарихи гипотезаны көрсету құралына айналады. Оқушы картадан тек "не болғанын" емес, тарихшының белгілі бір қорытындыға қандай деректер негізінде келгенін көре алады. Осы арқылы тарихи картография деректанулық және зерттеушілік дағдыларды қалыптастыратын құрал ретінде қызмет етеді. Сонымен бірге зерттеу нәтижелері "оқиғалық тарихтан желілік тарихқа" көшу қажеттігін көрсетеді. Дәстүрлі баяндау белгілі бір ханның билігі, соғыс, жорық немесе саяси дағдарыс төңірегінде құрылады. Желілік тәсіл сол оқиғалардың артында тұрған қозғалыс, ақпарат, сауда және аймақаралық қатынастардың тұрақты механизмдерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Солтүстік Қазақстан мысалы осы тәсілдің маңызын ерекше айқын көрсетеді. Өңірді ірі саяси оқиғалар аз өткен "шеткері аумақ" ретінде емес, Орталық Қазақстанды, Сырдария өңірін, Орал–Еділ кеңістігін және Батыс Сібірді өзара байланыстыратын далалық дәліздердің бірі ретінде қарастырғанда оның Жошы Ұлысы тарихындағы орны басқаша сипат алады.

Қорытынды

Солтүстік Қазақстанның Алтын Орда дәуіріндегі рөлін қайта пайымдау картаға бірнеше жаңа нүкте қосуды ғана емес, жалпы тарихи кеңістікті түсіндіру логикасын өзгертуді талап етеді. Өңірді "орталықтан алыс" немесе "тарихи оқиғалардан тыс" аумақ ретінде көрсету оның Есіл, Тобыл, Ертіс, Орталық Қазақстан, Сырдария бойы, Орал–Еділ және Батыс Сібір бағыттарын байланыстырудағы коммуникациялық әлеуетін көмескілейді.

Алтын Ордадағы ям жүйесі ақпарат пен биліктің қозғалысын қамтамасыз етті. Керуен жолдары тауарлармен қатар адамдарды, білімді және мәдени тәжірибелерді тасымалдады. Өзендер мен су көздері қозғалыс маршруттарының табиғи қаңқасын қалыптастырды, ал қалалар, қоныстар, тұрақтар мен басқа да инфрақұрылымдық нысандар осы желінің материалдық тіректеріне айналды. Осыған байланысты Солтүстік Қазақстанның Алтын Орда дәуіріндегі тарихын зерттеу бір ғана дерек түріне негізделмеуі тиіс. Жазба деректер, археология, нумизматика, топонимика, тарихи география және GIS технологиялары өзара толықтыратын кешен ретінде қолданылған жағдайда ғана коммуникациялық кеңістіктің ықтимал конфигурациясын неғұрлым дәл қалпына келтіруге болады.

Тарих оқулықтарында Солтүстік Қазақстанның Алтын Орда дәуіріндегі бейнесін жаңарту үшін үш қағида шешуші мәнге ие. Біріншісі – оқиғалық тарихтан желілік тарихқа көшу. Екіншісі – көшпелі кеңістікті бос дала емес, қозғалыс пен байланысқа негізделген тарихи-өркениеттік орта ретінде көрсету. Үшіншісі – ғылыми пікірталастарды, деректік шектеулерді және тарихи реконструкциялардың болжамдық деңгейін ашық көрсету.

Жошы Ұлысының тарихи мұрасын объективті зерттеу Алтын Орданы біржақты мадақтауды немесе қаралауды емес, оның нақты тарихи механизмдерін түсіндіруді талап етеді. Сондықтан оқулықтағы жаңа буын карталарында саяси шегаралармен қатар жолдар, өзендер, өткелдер, бекеттер, қоныстар, қалалар, сауда бағыттары және ақпарат тарату арналары көрсетілуі қажет. Осындай тәсіл Солтүстік Қазақстанды картадағы

"бос кеңістік" ретінде қабылдаудан арылтып, оның Орталық Еуразиядағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени коммуникациялар жүйесіндегі орнын неғұрлым толық ашуға мүмкіндік береді.

Acknowledgements

The authors express their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру

Авторлар мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности

Авторы благодарят за научно-редакторское сопровождение статьи.

Әдебиеттер тізімі

Абзалов Л.Ф., Гатин М.С., Мустакимов И.А., Почекаев Р.Ю. К истории обеспечения безопасности торговых путей в чингизидских государствах XIII-XIV вв. *Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья.* 2022. №. 14. С. 297-313. DOI: 10.53 737 /2713-2021.2022.89.86.014

Аблязов К.А. Технологии ГИС при реконструкции торгово-транспортной системы Золотой Орды. *Известия Саратовского университета.* Новая серия. Серия: Науки о Земле. 2023. Т. 23, no. 3, с. 144-146. DOI: https://doi.org/10.18500/1819-7663-2023-23-3-144-146

Беляев Д., Шкурат П. Историография, изучение источников и методы исторических исследований. // *Манускрипт*. 2026. Т. 19, no. 1, с. 14-22. DOI: https://doi.org/10.30853/mns20260001

Воротынцев Л.В. "Татарский торговый путь" ("Via Tatarica") в международной торговой системе XIII-XV веков. *Золотоордынское обозрение*. 2019. Т. 7, no. 1, с. 77-89. DOI: http://dx.doi. org/10. 22378/2313-6197.2019-7-1.77-89

Скрипкин И.Н., Беляев Д.А., Шкурат П.А. Динамика отражения и проблема интерпретации темы "ордынская зависимость Руси" в современных учебниках по истории России: историографический анализ. *Манускрипт.* 2026. Т. 19. no. 1, с.14-22. DOI: https://doi.org/10.30853/mns 20260001

Ильясова З., Ногайбаева М.. Информация Аль-Омари об исторической географии Золотой Орды. *Журнал тюркологии.* 2024, Т. 6, no. 3, с. 51-68. DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2024 -3-51-68

Кошечкина Е.А. Улус Джучи в системе международной торговли на территории Крымского полуострова в XIII-XIV в. *Омский научный вестник. Серия "Общество. История. Современность".* 2020. Т. 5, no. 2, с. 22-28. DOI: 10.25206/2542-0488-2020-5-2-22-28

Мерич С., Пашаоглу Д.Д. Почтовая организация (ям) в Золотой Орде. Золотоордынское обозрение. 2023. Т. 11, no. 1, с. 37-61. DOI: http://dx.doi.org/10.22378/2313-6197.2023-11-1.37-61

References

Abzalov L., Gatin M., Mustakimov I., Pochekaev R. K istorii obespecheniia bezopasnosti torgovykh putei v chingizidskikh gosudarstvakh XIII-XIV vv. *Materials in Archaeology and History of Ancient and Medieval Crimea.* 2022. №. 14. Pp. 297-313. DOI: 10.53737/2713-2021.2022.89.86.014 (In Russian)

Abliazov K.A. Tekhnologii GIS pri rekonstruktsii torgovo-transportnoi sistemy Zolotoi Ordy. *Izvestiya of Saratov university. New series.* Series: Earth sciences. 2023. Vol. 23, no. 3, pp. 144-146. DOI: https://doi.org/10.18500/1819-7663-2023-23-3-144-146 (In Russian)

Beliaev D., Shkurat P. Istoriografiia, izuchenie istochnikov i metody istoricheskikh issledovanii. *Manuscript.* 2026. Vol. 19, no. 1, pp. 14-22. DOI: https://doi.org/10.30853/mns20260001 (In Russian)

Vorotyntsev L.V. "Tatarskii torgovyi put" ("Via Tatarica") v mezhdunarodnoi torgovoi sisteme XIII-XV vekov. *Golden Horde Review.* 2019. Vol. 7, no. 1, pp. 77-89. DOI: http://dx.doi.org/10.22378/2313-6197.2019-7-1.77-89. (In Russian)

Skripkin I. N., Beliaev D. A., Shkurat P. A. Dinamika otrazheniia i problema interpretatsii temy "ordynskaia zavisimost Rusi" v sovremennykh uchebnikakh po istorii Rossii: istoriograficheskii analiz. *Manuskript.* 2026. Vol. 19. no. 1, pp.14-22. DOI: https://doi.org/10.30853/mns20260001 (In Russian)

Iliasova Z., Nogaibaeva M. Informatsiia Al-Omari ob istoricheskoi geografii Zolotoi Ordy. *Turkic Studies Journal.* 2024. Vol. 6, no. 3, pp. 51-68. DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-51-68 (In Russian)

Koshechkina E.A. Ulus Dzhuchi v sisteme mezhdunarodnoi torgovli na territorii Krymskogo poluostrova v XIII-XIV v. *Omsk scientific bulletin. Series "Society. History. Modernity".* 2020. Vol. 5, no. 2, pp. 22-28. DOI: 10.25206/2542-0488-2020-5-2-22-28 (In Russian)

Merich S., Pashaoglu D. D. Pochtovaia organizatsiia (iam) v Zolotoi Orde. *Golden Horde Review.* 2023. Vol. 11, no. 1, pp. 37-61. DOI: http://dx.doi.org/10.22378/2313-6197.2023-11-1.37-61 (In Russian)

Information about the author

Zhanar S. Smakhanova – Senior Lecturer, S. at S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan. https://orcid.org/0000-0002-6187-9202, z.deil@mail.ru

Автор туралы мәлімет

Жанар Сатылгановна Смаханова – С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің аға оқытушысы, Қазақстан, Астана қаласы. https://orcid.org/0000-0002-6187-9202, z.deil@mail.ru

Сведения об авторах

Жанар Сатылгановна Смаханова – Старший преподаватель Казахского агротехнического исследовательского университета имени С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан https://orcid.org/0000-0002-6187-9202, z.deil@mail.ru

Disclosure of conflict of interest information. The authors claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / ***Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье
Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 25.08.2026
Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 20.09.2026
Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 10.12.2026